

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 261 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 қазанда № 7799-15 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімі*

Р. Анбаев

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
аудан әкімдігі
2024 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 261 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2004 жылғы 21 қазандағы № 162 "Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның жер қатынастары жөніндегі аудандық комиссияның Ережесін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1375 болып тіркелген).

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2005 жылғы 7 маусымдағы № 146 "Азаматтардың бөлек топтарына әлеуметтік көмекті беру Ережесін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-5-7 болып тіркелген).

3. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2005 жылғы 16 маусымдағы № 157 "Азаматтардың жеке санаттарына санаторлық-курорттық

емделуге әлеуметтік төлемдер беру Ережелерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-5-8 болып тіркелген).

4. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2006 жылғы 15 наурыздағы № 44 "Үй жағдайында тәрбиеленіп, оқытылатын мугедек балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек беру ережелерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-5-23 болып тіркелген).

5. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі № 74 "Мүгедектер үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-5-26 болып тіркелген).

6. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі № 128 "Ғабит Мүсірепов атындағы аудан аумағында үгіттік басылым материалдарды орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-5-41 болып тіркелген).

7. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 331 "Ғабит Мүсірепов атындағы аудан аумағында үгіттік басылым материалдарды орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-5-54 болып тіркелген).

8. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2008 жылғы 14 наурыздағы № 48 "Ғабит Мүсірепов атындағы аудан аумағында үгіттік басылым материалдарды орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-5-57 болып тіркелген).